

Қауымдық сервитутты белгілеу туралы

Ақмола облысы Ақкөл ауданы әкімдігінің 2026 жылғы 17 наурыздағы № А-3/58 қаулысы

Қазақстан Республикасының Жер кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Ақкөл ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ақкөл ауданының, Кеңес және Новорыбин ауылдық округі әкімшілік шекарасында орналасқан, жалпы ауданы 1275,6 гектар жер учаскесін "ДробСортКамень Inc" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне меншік иелері мен жер пайдаланушылардан жер учаскесін алып қоймай, 2028 жылғы 27 қарашаға дейінгі мерзімге пайдалы қатты қазбаларды барлау үшін қауымдық сервитут осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. "ДробСортКамень Inc" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне жер пайдаланушылармен осы қаулының қосымшасына сәйкес жер учаскесінің шектеулі мақсатты пайдалану (қауымдық сервитут) жөнінде келісім-шарт жасассын.

3. "ДробСортКамень Inc" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша) жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларға шығындарды толық көлемде өтеуді қамтамасыз етсін, залалдардың мөлшері мен оларды өтеу тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тараптардың келісімімен белгіленсін.

4. "ДробСортКамень Inc" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне пайдалы қазбаларды барлау мақсатында жер учаскесін пайдалану кезінде Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарын сақтасын.

5. "Ақкөл аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қауылын Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерін эталондық бақылау банкінде ресми жариялануға жіберуді қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақкөл ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

7. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күшіне енгізіледі.

Ақкөл ауданының әкімі

Б. Әбдірахманов

Ақкөл ауданы әкімдігінің

2026 жылғы _____

№ _____ қаулысына

1 қосымша

"ДробСортКамень Inc" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қауымдық сервитут белгіленетін жер учаскелерінің тізбесі

№ р/с	Ж е р пайдаланушыла рдың (меншік иелерінің) атауы	кадастрлық нөмірі	Жария сервитут белгілеудің жалпы ауданы, гектар	Оның ішінде	
				а у ы л шаруашылығы алқаптары, жайылымдар, гектар	Өнеркәсіп, көлік , байланыс жерлері, гектар
1	"Ақмола облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының Кеңес орман шаруашылығы мекемесі" комму налдық мемлекеттік мекемесі	01-001-040-006	806,09		
2	Рамазан Шокубаевич Кирибаев	01-001-014-037	301,5	301,5	
3	"Агрофирма Халық Жері" ЖШС	01-001-014-046	155,4	155,4	
4	Александр Павлович Колосовский	01-001-009-333	0,51	0,51	
5	Ахметов Санжар Сапарұлы	01-001-009-476	12,1	12,1	
	Жиыны		1275,6	168,01	